



# ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ



№30  
(2409)  
Сенбі  
25 сәуір  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРУДЕ

2025 жылы Қазалы ауданында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуға, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды жобалар табысты жүзеге асырылды. Жоба бойынша ауылдардың инженерлік желілері жаңартылып, әлеуметтік нысандар салынып, жолдар жөндеуден өтті.

Атап айтқанда, Қожабақы аулында электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары толық аяқталды. Жалпы құны 442,8 млн теңгені құрайтын бұл жоба ауыл тұрғындарын сапалы әрі тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті аралығында орналасқан тұрғын үйлер мен нысандардың электр қуатына деген сұранысын арттыру мақсатында жаңа қосалқы станса құрылысы басталды. Бұл жобаға 2025 жылы республикалық бюджеттен 378,2 млн теңге қаржы бөлініп, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жалпы жоба құны 1 млрд 417 млн теңге. Жоба толық іске қосылған кезде өңірді электрмен қамту сапасы айтарлықтай жақсарады.

жаңартылды. Әйтеке би кентінде 11 көше, Басықара аулында 1 көше, Жалаңтөс батыр ауылында 2 көше жөндеуден өтті. Бұл жұмыстар тұрғындардың қатынасын арттырып, ауыл ішіндегі қозғалысты жеңілдетті.

Әлеуметтік нысандар құрылысы да назардан тыс қалған жоқ. «Майдакөл» аулында 100 орындық жаңа клубтың құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Бекарыстан би аулында заманауи спорт кешені ел игілігіне пайдалануға берілді. Әйтеке би кенті мен Қожабақы аулындағы спорт кешендерінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл нысандар ауыл тұрғындарының мәдени-спорттық өмірін жандандырып, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасайды.

Денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер бар. Жоба аясында Әйтеке би кентіндегі «Болат жолы» дәрігерлік амбулаториясына және Бекарыстан би аулындағы амбулаторияға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы құны 185,2 млн теңгені құрайтын бұл жұмыстар медициналық қызмет сапасын арттырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.



Жол инфрақұрылымын дамыту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылды. Елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге 776,7 млн теңге бөлініп, нәтижесінде 14 көше

Жалпы алғанда, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы Қазалы ауданында ауылдардың инфрақұрылымын жаңғыртып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға нақты үлес қосты.

## АУДАН ӘКІМІ «ШАҒАЛА» БАЛАЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығына арнайы барып, лагердің қазіргі жай-күйімен, жазғы тынығу маусымына дайындық жұмыстарымен танысты.

Аудан басшысы орталық аумағында орналасқан бассейн, жатын орындар, балаларға арналған сахна және асхананы аралап көрді.

Биылғы жылы лагерьдегі ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Тынығушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орталық аумағына стандартқа сай 32 бейнебақылау камерасы мен 1 турникет орнатылып, қосымша сыртта 2 әжетхана салу жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, лагерь аумағында көркейту-көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылуда.

Аудан әкімі аталған жұмыстармен танысып, аудандық білім бөлімінің басшысы мен орталық директорына жазғы маусым басталғанға дейін ағымдағы жөндеу, дайындық жұмыстарын толық сапалы етіп аяқтауды тапсырды.

Айта кетейік, биыл демалыс лагері дәстүрлі түрде 7 ауысыммен жұмыс істейді. Әр ауысымда 125 оқушы қабылданып, жалпы саны 875-ке жуық бала жазғы тынығумен қамтылады деп жоспарланды. Балаларды қабылдау 1 маусымда басталады.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

●Баспасөз - 2026

## 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2026 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

**Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы**

## ҰЛТТЫҚ КІТАП ЖӘНЕ КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ

Биылдан бастап елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Кітапханашылар күнін атап өту тәртібіне өзгеріс енгізіліп, 23 сәуір - Ұлттық кітап және кітапханашылар күні болып белгіленді.

Қазалы ауданында атаулы мерекеге орай «Кітап – көңілдің кілті, ойдың шырағы» атты мерекелік кеш, «Кітап фест - 2026» фестивалі өтті. «Руханият» орталығы жанында өткен шарада аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов құттықтау сөз сөйлеп, Президентіміздің, аймақ басшысының қолдауымен өңірдегі руханият саласында атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтып өтті.

Бүгінде қасиетті Сыр өңірінде руханият саласының қарқынды дамуына көңіл бөлініп келеді. 2022 жылдан бері өңірде 22 мәдениет нысаны жаңадан салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Аудандарда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі біріктірілген «Руханият орталықтары» ашылды. Облыстың бас шаһарында «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы»,



«Оқушылар сарайы» бой көтерді. Былтыр Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай облыстық тарихи-өлкетану музейінің, Ассамблеяның 30 жылдығына орай «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынды. Кеше ғана облыс орталығы – Қызылорда қаласында жаңа заманауи драма театрының іргетасы қаланып, өңір мәдениетінің дамуына тың серпін беретін үлкен жоба бастау алды. Бұл мәдени нысан алдағы уақытта өнер мен руханияттың

жаңа орталығына айналып, шығармашылық ұжымдар мен көрермен қауымның басын қосатын маңызды орын болары сөзсіз. Өткен жылдың қазан айында Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келгенде аймақта атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік кітапхана Қызылордада ашылатындығын жеткізді. Жуық арада

Президентіміздің бастамасымен жүзеге асатын кітапхананың іргетасы облыс орталығында қаланбақ. Президентіміздің қолдауымен, аймақ басшысының бастамасымен алдағы уақытта да ұлт руханиятын көтеру бағытындағы жүйелі жұмыстар жалғаса бермек, - деді Дәурен Оңғарбайұлы.

Мерекелік кеште Дәурен Оңғарбайұлы аудан кітапханаларында ел игілігі жолында жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар кітапхана қызметкерлеріне аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың «Алғыс хаттарын» табыстады. Сондай-ақ, шараға жиылған қонақтармен бірге «Рухани жаңғыру және кітап» атты оқырмандардың қолөнер көрмесін тамашалады.

Тағылымды шара әрі қарай «Әдебиет өмір айнасы» атты оқырмандардың ашық аспан астындағы оқулар кешіне жалғасты.

Айта кетейік, ауданда атаулы мереке орай кітаптар көрмесі, кітапәлеміндегі интеллектуалды ойындар және «Кітапхана-руханият ордасы» атты мерекелік кештер өткізілді.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## ЖЕРЛЕСІМІЗ ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ PhD ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІН АЛДЫ

Жас ғалым Жәди Асхат Өмірзақұлы, 1993 жылы 28 мамырда «Аранды» аулында дүниеге келген. 2010 жылы «Аранды» аулындағы №97 орта мектепті бітірген. Сол жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетіне оқуға түсіп, 2014 жылы аталған оқу орнын «Метеорология» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2014 жылы аталған университеттің «География және табиғатты пайдалану факультетінің» «Метеорология» мамандығы бойынша магистратурасына қабылданып, 2016 жылы «Жаратылыстану ғылымдарының магистрі» біліктілігін алды.

2022-2025 жылдары Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу



университетінің су қауіпсіздігі білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантурасында оқыды. 2026 жылы «Марқакөл көлінің су экожүйесінің қазіргі жағдайын бақылау мен

бағалау және су ресурстарын экологиялық сақтау бойынша ұсыныстарды әзірлеу» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғап, философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алды. Ғылыми жетекшісі: профессор А.С.Мадибеков

Қазіргі уақытта жас ғалым Асхат Өмірзақұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінде аға оқытушы, сонымен қатар, география және су қауіпсіздігі институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс атқаруда. Көптеген ғылыми жобаларға белсенді қатысқан. 30-дан астам ғылыми еңбектің авторы. Scopus базасында 21 мақаласы бар.

ҚР. Жоғары білім және

ғылым саласын дамытуға қосқан үлесі және абыройлы еңбегі мен адал қызметі үшін Қ.Р. Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қазақстандағы география, су қауіпсіздігі бойынша өзекті ғылыми мәселелермен айналысады. Бүгінгі таңда үлкен ғылыми жобаларға, ғылыми зерттеу жұмыстарына, далалық зерттеу жұмыстарына белсенді қатысып келеді.

Жерлес жас ғалым Асхат Өмірзақұлын философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алуымен құттықтап, алдағы уақытта ғылым саласында жоғары жетістіктерге жете беруіне тілектестік білдіреміз.

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ,**  
«Тұран-Қазалы»

● Хабарландыру

## ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАГАЖДЫҢ ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ: ҚАЛАНЫ, АУЫЛДАРДЫ (СЕЛОЛАРДЫ) АУДАН ОРТАЛЫҒЫМЕН ЖАЛҒАСТЫРАТЫН АВТОМОБИЛЬ ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

1. «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2026 жылы 27 сәуірде «Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмағамбетұлы көшесі, №130» мекен-жайында жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады: Лот №1 «1 квартал (Ф. Мұратбаев аулына кіреберіс) – «Қызылорда облысының білім

басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №276 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі» бағыты бойынша.

Лот №2 «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қазалы аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты – «Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №165 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі» бағыты бойынша».

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2026 жылы 27 сәуірінен бастап «Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмағамбетұлы көшесі, №130» мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды

алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы «27» мамыр.

6. 2026 жылғы «30» сәуір конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондар: (872438) 79 2 80/69-52.

**«Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК: ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛАЙЫҚ

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі (жүйе) жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша түрі болып табылады. Жүйе шектеулі ынтымақтастық қағидатына негізделген, яғни әлеуметтік аударымдар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСҚ) жұмыс істейтін халық үшін төленеді. Бұл ретте, олар үшін МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар түскен және әлеуметтік тәуекел жағдайы туындаған адамдар ғана әлеуметтік төлемдерді алушылар болып табылады.

Бүгінгі таңда жүйеге шамамен 7 млн жұмыс істейтін азамат қатысады, жыл сайын 1,3 млн-нан астам адам МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйе екі ұзақ мерзімді әлеуметтік маңызы бар төлемді қарастырады – еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша. Бұл төлемдер бюджет қаражаты есебінен төленетін мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады.

Келесі екі әлеуметтік төлем ана мен балалық шақпен байланысты. Мәселен, жұмыс істейтін әйел кірісінен айырылған кезеңде жүктілікке және босануға байланысты,

сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйеге қатысушы үшін жұмыстан босатылу себептеріне қарамастан маңызды қолдау болып табылатын жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем. Ол жүйеге қатысушы Мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген жағдайда тағайындалады.

МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тиісті құқықтық актілерімен реттеледі. Төлем мөлшерлері әр жүйеге қатысушы үшін жеке есептеледі және тікелей МӘСҚ-ға уақтылы және толық төленген әлеуметтік аударымдарға байланысты анықталады.

Заңнамалық тұрғыдан МӘСҚ әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттардың (мәліметтердің) анықтығын тексеру құқығына ие. Осыған байланысты қажет болған жағдайда тиісті сұраулар мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, төлеушіге және өтініш берушіге жіберіледі. Әлеуметтік аударымдардың МӘСҚ-ға уақтылы және толық түспеуі, сондай-ақ, құжаттар мен мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелеріндегі



мәліметтердің сәйкессіздігі тексеріске негіз бола алады.

Жалған еңбек қатынастары немесе жалған мәліметтердің ұсынылғаны анықталған жағдайда материалдар құқық қорғау органдарына жіберіледі.

Әлеуметтік желілерде таратылып жатқан МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға көмектесуге бағытталған жарнамалық сипаттағы хабарламаларға, соның ішінде бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемді «ұзартып беру» туралы хабарламаларға бөлек назар аударамыз.

Бала күтімі бойынша демалыста отырған әйелдердің жұмыс орны сақталады, осыған орай олардың жұмыссыздар категориясына жатпайтынын атап өткен жөн. Жұмыссыз мәртебесі тек шын мәнінде жұмыс іздеп, оған кірісуге дайын адамдарға беріледі.

Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша

әлеуметтік төлем тек жүйе қатысушысына, ол жұмыссыз ретінде тіркеліп, тиісті міндеттемелерді орындаған жағдайда тағайындалады. Төлем алушы жұмыспен қамтылғаны туралы Мансап орталығын хабардар етуге міндетті. Жалған мәлімет берілген жағдайда, төленген қаражат заңда белгіленген тәртіппен қайтарылады.

Әлеуметтік төлем алу мақсатында қасақана жалған мәлімет беру алаяқтық ретінде бағалануы мүмкін. Әлеуметтік желілерде осындай хабарламаларды тарататын адамдар және осындай істерге қатысатын азаматтар заң бойынша жауапқа тартылуы мүмкін екендігін ескертеміз.

Мысалы, 2025 жылы елдің 12 өңірінде алаяқтық фактілері бойынша 30-дан астам қылмыстық іс қозғалған, ал бес өңірде 7 сот үкімі

шығарылған. Азаматтар әлеуметтік желілердегі (Instagram және басқалары) жарнамалық хабарламаларға өтіп, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша алаяқтық схемаларға тартылғаны анықталды.

Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында жүйе бойынша қажетті ақпаратты тек ресми дереккөздерден алуға ұсынамыз (электрондық үкіметтің веб-порталы (egov.kz), Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (enbek.gov.kz), МӘСҚ-ның (gfss.kz) ресми сайттары). Сондай-ақ, жеке деректерді, оның ішінде жеке электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін үшінші тұлғаларға бермеу қажет. Кез келген сұрақ туындаған жағдайда 1414 нөмірі бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады.

МӘСҚ-дан тағайындалатын әлеуметтік төлемдер заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және әлеуметтік желілердегі «көмекшілердің» қатысуын қажет етпейді. Саналы көзқарас пен ресми арналарды пайдалану – азаматтардың қаржылық қауіпсіздігінің кепілі.

**Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

Жемқорлыққа  
ЖОЛ ЖОҚ!



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан неме-

се сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал, ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді. Сыбайлас жемқорлық Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде.

Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

**Алтынбек САУЫТБЕКҰЛЫ,  
Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі**

### • Іске аспасын

«ҚТЖ» «ҰК» АҚ-ның Қызылорда магистралдық желілері бөлімшесінің Қазалы ЭЧ-26 мекемесінің 1983 жылы Минск зауытынан шыққан «МТЗ-80» доңғалақты тракторының техникалық паспорты жоғалуына байланысты бұдан былай іске аспасын.

Зауыттық нөмірі н/3. Двигательдің маркасы мен нөмірі Д-240 н/3.

## СОЦИАЛЬНЫЕ ВЫПЛАТЫ БЕЗ РИСКОВ: ИЗБЕГАЕМ МОШЕННИКОВ В СОЦСЕТЯХ

Система обязательного социального страхования (система) в Казахстане является дополнительной формой социального обеспечения работающего населения. Она основана на принципе ограниченной солидарности - уплата социальных отчислений в Государственный фонд социального страхования (ГФСС) производится за работающее население. При этом получателями социальных выплат являются лица, за которых поступили социальные отчисления в ГФСС и у которых наступил случай социального риска.

Сегодня в системе участвуют порядка 7 млн. работающих граждан и более 1,3 млн. человек ежегодно получают социальные выплаты из ГФСС.

Системой предусмотрены две долгосрочные социально-значимые выплаты – по случаям утраты трудоспособности и потери кормильца. Эти выплаты осуществляются в дополнение к базовым государственным социальным пособиям по инвалидности и по потере кормильца за счет бюджетных средств.

Следующие две социальные выплаты связаны с материнством и детством. Так, работающая женщина на период потери дохода получает социальные выплаты в связи с беременностью и родами, а также по уходу за ребенком до полутора лет.

Важной поддержкой для участника системы, независимо от причин увольнения, является социальная выплата по потере работы, которая назначается при условии его регистрации в Карьерном центре в качестве безработного.

Порядок назначения социальных выплат из Фонда регламентирован Социальным кодексом Республики Казахстан и подзаконными актами Министерства труда и социальной защиты населения Республики

Казахстан. Размеры выплат рассчитываются индивидуально и напрямую зависят от своевременности и полноты уплаченных социальных отчислений в ГФСС.

Законодательно ГФСС имеет право проверять достоверность документов (сведений), необходимых для назначения социальных выплат. В этой связи, при необходимости направляются запросы в государственные органы и соответствующие организации, плательщику и заявителю. Основаниями для проверки могут послужить несвоевременное и неполное поступление социальных отчислений в ГФСС, несоответствие документов и сведений в информационных системах государственных органов и организаций.

В случаях, когда выявляются признаки фиктивных трудовых отношений или предоставления недостоверных сведений, материалы передаются в правоохранительные органы.

Отдельного внимания заслуживают распространяемые в социальных сетях сообщения рекламного характера о содействии в получении социальных выплат из ГФСС, в том числе о «продлении» выплаты по уходу за ребенком до полутора лет.

Следует учитывать, что женщина, находящаяся в отпуске по уходу за ребенком, сохраняет за собой рабочее место и не относится к категории безработных. Статус безработного присваивается только лицам, которые действительно ищут работу и готовы приступить к ней.

Напоминаем, что социальная выплата по потере работы назначается только участникам системы, зарегистрированным в качестве безработного и выполняющим соответствующие обязательства. Получатель выплаты обязан своевременно уведомлять Карьерный центр о трудоустройстве. В слу-

чае предоставления недостоверных сведений выплаченные средства подлежат возврату в установленном законом порядке.

Важно помнить, что предоставление заведомо ложных сведений с целью получения социальных выплат может классифицироваться как мошенничество. Лица, распространяющие подобные сообщения в социальных сетях, а также граждане, вовлеченные в такие схемы, могут быть привлечены к ответственности.

Так, в 2025 году в 12 регионах страны возбуждено более 30 уголовных дел по фактам мошенничества, в пяти регионах страны уже вынесено 7 судебных приговоров. Установлено, что лица были вовлечены в мошеннические схемы получения социальных выплат, следуя рекламным сообщениям в социальных сетях (Instagram и т.д.).

В целях недопущения возможных негативных последствий рекомендуем руководствоваться информацией, размещаемой на официальных источниках (веб-портал электронного правительства (egov.kz), официальные сайты Министерства труда и социальной защиты населения (enbek.gov.kz), ГФСС (gfss.kz)). Также, не следует передавать персональные данные, включая ключи от личной электронной цифровой подписи третьим лицам. При возникновении вопросов можно обратиться в контакт-центр по номеру 1414.

Социальные выплаты из ГФСС предоставляются в установленном законом порядке и не требуют участия «помощников» из социальных сетей. Осознанный подход и использование официальных каналов - основа финансовой безопасности граждан.

**Филиал АО «Государственный фонд социального страхования» по Кызылординской области**

● Маманның кеңесі

## САРЫП АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Сарып (бруцеллез) адамдар мен малдар арасында кездесетін жұқпалы ауру. Сарыпқа барлық үй жануарлары: қой, ешкі, ірі қара малы, шошқалар шалдығады. Бруцеллезге шалдыққан малда жиі кездесетін белгілер мал түсік тастайды немесе өлі туады.

Ауру мал түсік тастағанда, төлдеу кезінде адамдарға өте қауіпті болады. Өйткені бруцеллез тудыратын микробтар малдың сүті, нәжісі арқылы сыртқы ортаға шығады. Малдың терісі, жүні, тезегі, мал қораның маңайы, ондағы құрал-саймандар, топырақ ластанды. Ал, бруцеллез микробтары топырақта, қида, жемде, суда 4 айға дейін өмір сүріп, өзінің ауру қоздырғыштық қасиетін толықтай сақтай алады.

Адамдар сарып ауруын ауру малдың сүті және сол сүттен дайындалған термикалық

өңделмеген тағамдарды тұтыну кезінде жұқтырады. Атап айтқанда, аурудың қоздырғыштары шикі етте 3 ай, тұздалған етте 1 ай, қайнатылмаған сүтте 40 күн, ірімшікте 60 күн сақталады. Ал, жоғары температураға төзімсіз, 90-100 градусқа қайнатқанда өліп қалады.

Адамдарда бруцеллездің алғашқы белгілері зақымданғаннан кейін 1-2 аптада, кей кездері 1 айдан кейін біліне бастайды.

Сарып ауруының белгілері: бас ауру, әлсіздік, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі, қалтырап тоңу, денесінің түршігуі, түнге қарай қатты терлеу. Бірнеше апта өткен соң буындары ісініп, ауыра бастайды. Өсіресе, тізесі мен шынтақ буындары ісініп, ауырады.

Ауруға шалдыққан адам

дер кезінде дәрігерге көрініп, ем қабылдаған жағдайда, науқасынан айығады. Ауру асқынған кезде нерв жүйесі зақымданып, тірек-қозғалыс және қан-тамыр жүйесінің қызметі бұзылуы мүмкін.

Сарыптың алдын алу жолдары:

Сарып ауруынан адамдарды қорғау үшін ең алдымен үй жануарларының бруцеллезбен ауруына жол бермеу қажет. Мал түсік тастағанда міндетті түрде ветеринарлық дәрігерге хабарлап, тез арада бөлек орынға оқшаулаған жөн. Өлген төлдің қалдықтарын мұқият жинап, арнайы мамандардың келуін күту керек.

Жаңадан туылған төлді үйге кіргізуге болмайды, олардың ішінде бруцеллез мал болса, адамдардың, оның ішінде балалардың ауруды жұқтырып

алу қаупі жоғары.

Үй жануарларына қарайтын адам арнайы киім, етік, қолына қолғап киюі керек, үйге сырт киіммен кіруге болмайды. Үй жануарлары тұратын қора жайды шылым шегуге және демалу орны ретінде қолдануға болмайды.

Мал сатып аларда ветеринарлық дәрігерден арнайы анықтама талап ету қажет. Көше бойында, аула ішінде сатып тұрған сүт және сүт өнімдерін, етті сатып алуға болмайды. Мал өнімдерін сапасына кепілдігі бар, ветеринарлық-санитарлық бақылаудан өткен арнайы сауда орындарынан алған жөн.

**Г.ЖҰБАНДЫҚОВА,**  
**Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы**

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.